

5 мамыр,
Сейсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОЙЫЛ

**9 МАМЫР – ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 75 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ
ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ
ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ
АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ**



*Ардақты ардагерлер!
Құрметті ойылдықтар!*

Баршаңызды Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
9 мамыр – Жеңіс Күні – ең қымбатты, қуанышты да қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі болып табылады.

Ұлы Жеңіске 75 жыл толып, жылдан-жылға алыстағанмен, Отан қорғаушылар жасаған ерліктері мәңгілік және ол уақыт ағысымен жоғалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Сондықтан да халық ұзақ күткен Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз.

Жеңіс күні – тарих төрінен орын алатын ұлы мереке.
Ұлы Отан соғысының әрбір жауынгерінің есімі күллі адамзат тарихына, еліміздің тарихына алтын әріптермен енгізілді. Біз өткен тарихымыздағы Жеңіс әкелген күннің бағасын ылғи да жақсы түсінеміз, өйткені соғыс қасіреті бір де бір отбасын шарпымай өткен жоқ.

Ұлы Отан соғысының оқиғалары, қанды шайқастардың ауыр салмақтарын иығымен көтеріп, содан кейінгі еліміздің тірлігін қалпына келтіруге үлес қосқан қаһарман жандар туралы естеліктер біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Қымбатты тыл еңбеккерлері!
Біз Сіздер сияқты рухы биік, жеңімпаз ата-әкелердің ұрпағы екенімізді әрдайым мақтан етеміз және алдарыңызда шексіз қарыздармыз.

Қажырлы еңбектеріңіздің арқасында біздің аспанымыз ашық болып, тынышта бейбіт өмір сүріп, алаңсыз еңбек етіп келеміз.

Бүгінгі күні біздің міндетіміз – Сіздерге қамқор болып, ерліктеріңізді құрметтеу рухымен жастарды тәрбиелеу.

Осынау мамырдың шуақты күндері бойларыңызға күш-қуат берсін. Сіздерге көтеріңкі рух, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық, баянды бақыт тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі**

А.Қазыбаев

**7 МАМЫР – ҚР ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН ОЙЫЛ
АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ
АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ**

Құрметті ойылдықтар!

Қадырменді Қарулы күштер жауынгерлері мен ардагерлері!

Сіздерді елдік пен ерліктің тірегі болып табылатын Қазақстан Республикасы Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл күн – бейбіт елдің тыныштығын өuede, құрлықта, теңізде қорғап, өз тағдырын ел тағдырымен байланыстырып жүрген әрбір әскери қызметші үшін ерекше күн.

Нақ осы күн – Отанға сүйіспеншілік іспетті адами құндылықтардың тұрақтылығы мен өлшеусіздігін, оның мүдделерін қорғауға өзіндік, патриотизмі мен ерлігінің барлық көріністерін айғақтайды.

Қазақстан әскері елдік пен егемендіктің тірегіне, бейбіт өміріміздің, тұрақтылық пен тыныштықтың кепіліне айналды. Бүгінде өлем елдерімен әскери байланысымыз нық орныққан. Қазақстан ТМД және Орта Азиядағы аймақтың қауіпсіздік мәселесіне орай ортақ міндеттерді айқындайтын жаңа бастамалар көтеріп келеді. Дүниежүзі Қазақстанды өлемдік қауіпсіздікке қосқан үлесі үшін құрметтейді.

Бүгінде күш-қуаты жылдан жылға артып келе жатқан Қазақстан әскерін барша қазақстандықтар мақтан етеді. Бас Қолбасшы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан! Қастерлі Отанымызға қалтқысыз қызмет ету және оны қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы».

Әрбір арлы азамат үшін туған Отанын қорғаудан құнды, одан қымбат ешнәрсе жоқ.

Қымбатты жерлестер!
Бүгінгі ерекше күні Сіздерге шын жүректен бақыт пен татулық, әрбір отбасына ізгіліктер мен игіліктер тілеймін.

Ардагерлеріміздің дені сау болып, солдаттар мен офицерлеріміз табысты қызмет ете берсін.

Қарулы Күштеріміздің қуаты нығайып, айбыны асқақтап, даңқы арта берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі**

А.Қазыбаев

КӨКТЕМГІ ҚАЙНАҒАН ЕҢБЕК ЕРТЕҢГІ КҮНГЕ СЕНІМ

ОЙЫЛ - ӨНДІРІСТІ ӨНІРДЕН ЖЫРАҚ, НЕГІЗІНЕН МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АУДАН. СОНЫМЕН ҚАТАР, АҒЫН СУДЫҢ БОЙЫН САҒАЛАҒАНДАР АЗЫН-АУЛАҚ БАУ-БАҚША ЕГЕДІ. АУА-РАЙЫНДАҒЫ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС ДИҚАНДАРДЫ АТА КӨСІПТЕН ҚОЛ ҮЗУГЕ МӘЖБҮРЛЕДІ. ДЕГЕНМЕН, ОЙЫЛДЫҢ АТЫН ШЫҒАРҒАН ТАРЫНЫ ЕКПЕЙ АТАЛАРДЫҢ АЛДЫНДА КҮНӘ ШЫҒАР? СОНДЫҚТАН, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚЫРДА ДА, СУАРМАҒА ДА ТАРЫ ЕГУДІ ҚОЛҒА АЛЫП ЖАТҚАН ШАРУАЛАР БАР.

Өткен жексенбі күні ауданға арнайы келген Ақтөбе облысы өкімінің орынбасары Аманғали Бердалиев осындай жұмыстардың жай-жапсарымен танысып, шаруалардың талап-тілектерін тыңдады. Алдымен Саралжын ауылдық округіндегі «Айтан» шаруа қожалығына ат басын тіреген Аманғали Бисенбайұлы жаңадан шаруа бастап жатқан жігіттің ұмтылысын құптады. Талабы таудай шаруашылық жетекшісі Серікболсын Төлеуов келешекте тауарлы сүт фермасын ашуды көздеп отыр. Ол үшін сүтті бағыттағы «Сементал» сиырын алуға ұмтылып отырған жігіттің жұмысына сәттілік тілеген облысы басшысының орынбасары жас кәсіпкерге ақыл-кеңестерін айтты. Өйткені, Серікболсын алдағы уақытта тек сүтті өндіріп, өткізіп қоймай, оны өнімдерін өңдеп, ұқсататын цех ашуды да ойластырып отыр.



Одан кейін «Ангус» тұқымды ірі қара малын бағып отырған «Тәжібай – АГРО» ЖШС-нде барған Аманғали Бисенбайұлы қоңыржай климатқа бейім малдың Ойыл сияқты шөлейт аймақты да жатсынбағанына көз жеткізді. Енді тек шаруашылық басшысы Абыл Сатай мал азығын егетін алқапты суландыру үшін «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы арқылы жаңа технологияларды енгізуге көмек сұрады. Шаруаның тілегін тыңдаған ол тиісті орындарға тапсырма берілетін жеткізді.

Ал, Ойыл селосында Сапура Мырзағалиеваның жылыжайын көрген ол бағандардың жұмысына шынайы ризашылығын білдірді. Жерлестеріне жыл бойы таза өнім ұсынып отырған оған да Аманғали Бисенбайұлы өз ұсыныстарын айтты. Бағбандықтың қыр-сырын меңгерген Сапура тек дайын көкөніс сатумен шектелгісі келмейді. Сондықтан, артылғанын ұқсату үшін көкөністерді консервілеу цехын ашуға бел буып отыр. Әрине, ол үшін тағы қаржы керек. Бірақ, жылыжайдың құрылысы үшін алынған несие бар. Сондықтан, Сапура мемлекет тарапынан қайтарымсыз грант, болмаса жеңілдетілген несиеге ғана үміт артады. «Бастау-2019» ЖШС-нің мал сою пунктінде болған Аманғали Бисенбайұлы қосымша құрылыс жүргізіп, мал өнімдерін сақтау ауқымын ұлғайтып, келешекте оны өңдеуді көздеп отырған цехтың меңгерушісі Өркен Ақедіповке де өз ұсыныстарын айтты.

Сапары барысында Сарбие селолық округінде болған облыс басшысының орынбасары көп жылдан бері қырдың қызыл тарысын суармалы алқапқа егіп, өлемге тарыны да танытып, өзі де біраз елге барған «Жақып» шаруа қожалығының төрағасы Жұмабай Жақыптың суармалы алқабындағы көктемгі далалық жұмыстарын көрді. Сонымен қатар, осы округтегі асыл тұқымды қой бағытындағы «Кенжебай» шаруа қожалығының қойды бордақылау алаңының жобасымен танысты. Шаруашылық басшысы Жәнібек Бюрин бордақылау алаңын салғалы отырған жердегі негізгі қолбайлау болып отырған мәселе – 2800 метр жерге электр қуатын жеткізу. Ал өнімді өткізу жолдарын облыс өкімінің орынбасары өзі ұсынды. Экспортқа қажетті ет дайындалатын болса, шаруашылықты фьючерлік жолмен жұмыс жасауға шақырды.

Ал, Қараой ауылдық округіне қарасты Қорғаноба егіс алқабында болған Аманғали Бисенбайұлы «Сатым» ӨК-не топтасып, қырлыққа тары егіп жатқан шаруашылық жетекшілерімен кездесті. Шаруашылық жетекшілеріне жаңа техникаларды алудың тиімді жолдарын түсіндірді.

Сөйтіп, облыс өкімінің орынбасары Ойыл ауданындағы көктемгі қайнаған жұмыстың куәсі болды. **Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл-Сарбие-Қараой-Ойыл.**

ДИҚАН МЕН БАҒБАННЫҢ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАЙ БІЛҮІМІЗ КЕРЕК!

«Елде болса ерінге тиеді» - деген. Әр ауылда мыңғыртып мал өсірген шаруа қожалықтарының саны жыл санап артып келеді. Малдың тұқымдық сапасына мән беріп жатқан шаруашылықтар да бар. Бұл береке, ырыздықтың бастауы. Сонымен қатар, ата кәсіпке деген ізгі құрметтің жарқын көрінісі болса керек.

Алайда, «Қыстың қамын жаз ойла» - дейтін болсақ, ауданда көлемі көп болмаса да, «көрпесіне қарай кесілген» шаруалар кейінгі кездері егін, бау-бақша өсерумен айналыса бастады. Өзен жағалап суармалы егіске үміт артып отырғандар да бар. Бірақ, олар үшін соңғы жылдары басты мәселе – өнімін жинағанша алқапты қору болып отыр.

Мәселен, биыл бірнеше ауылшаруашылығы субъектілері бірігіп, Ш.Берсиев атындағы селолық округке қарасты «Шөңке», Сарбие ауылдық округінің «Құрттыкөл», Қараой селолық округінің «Қорғаноба» алқаптарында дөңді дақылдар егіп жатыр. Сонымен қатар, Саралжын, Сарбие, Ойыл және Ш.Берсиев атындағы селолық округтердің аумағында бау-бақша мен суармалы егіс салынып

жатыр.

Сондықтан, жоғарыда аталған аймақтарға жақын маңда орналасқан шаруа қожалықтары мен елді мекен тұрғындары малдарын егіс, бау-бақша алқаптарына түсірмеудің шараларын осы бастан ойластыруы тиіс. Соңғы жылдары көріп отырғанымыздай, олардың үміті ақталып, көздеген өніміне қол жеткізуіне бағусыз малдың кесірі көп тиіп отыр. Ауылы аралас, қойы қоралас көршілердің ертең соттың төрелігіне жүгінуді елден ұят. Ағайынмен араздасып, айыппұл төлеу ешкімге абырой өпермейді. Тек диқан мен бағбанның да еңбегін бағалай білуіміз керек! Осыдан кейін, «Бос мал – бейнет» қана емес, зиянға қалдырып жатса, малды бақпаған өзімізге ғана өкпе артуға тиіспіз! «Ағайын ашы, мал тұщы!» Бірақ, «мал баққанға бітеді» - деген қағида да осындайdan қалған шығар...

**Жасұлан ЕРЖАНОВ,
Аудандық жер қатынастары
бөлімінің басшысы.**



ӘКЕМДІ МАҚТАН ЕТЕМІН!

МЕНИҢ ӘКЕМ ҚОМЫТ ШАҒАЛАҰЛЫ 1941 ЖЫЛЫ 19 ЖАСЫНДА ҚОБДА АУДАНЫҚ ӘСКЕРИ КОМИСАРИЯТЫНАН МАЙДАНҒА АТТАНАДЫ. 1942 ЖЫЛЫ СӘУІРДІҢ 4-ІНДЕ ХАРКОВ МАЙДАНЫНА АТҚЫШ БОЛЫП ҚАТЫСҚАН. 594-БЕРЛИН АТҚЫШТАР ПОЛКІ, 3-АТҚЫШТАР БАТАЛЬОНЫ, 8-АТҚЫШТАР РОТАСЫНДА НЕМІСПЕН БЕТПЕ-БЕТ ШАЙҚАСҚА ТҮСКЕН.

Ұлы Отан соғысын Берлинде аяқтап, Рейхстагты күзеткен. Соғыс жайлы көп өңгіме айта бермейтін. Кейде көңілді отырғанда ғана «Рейхстагқа дейінгі асфалт шұрық тесік, бомбаланған. Рейхстагқа ту тігу үшін ана қаптаған шұқырларда қанша боздақ шейіт болды десеңші! Рейхстагтың снайперлері де осал немістер емес! Айналасы 4-5 шақырым теп-тегіс асфалтта ғана жан алып, жан беріскен, Ту тігуге таласқан ұмтылған солдаттар қаны сіңді десеңші? – деп отыратын.

1990 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқандарға жеке үй салу үрдісі болып жатқан, біздер екі үйлікте тұратынбыз. Менің де жеке үйде тұрғым келетін. Сонда әкем: «Мен майданға барсам өз еркіммен бардым, басқа адамдар сияқты. Мен үкіметке майданға барайын, келген соң үй беріңдер деп «договорға» отырғаным жоқ. Соғыста өліп кетсем не болар еді? Маған үй салып беріңдер дей алмаймын» - деп кесіп айтқаны бар.

Әкем көргені мен естігенін ұмытпайтын құймақұлақ адам болды.

Кітаптарды, газет-журнал, «Правда» газетін үзбей оқитын. Ауылдастары, әсіресе, балдыздары әкемді «біздің журналист» деп атайтын. Еңбек демалысына шығарда арыздарын, басқа да құжаттарының бәрін менің әкем жазып беретін сауатты адам болды.

Әкемнің көзін көрген, жұмыстас болған қазіргі кездегі қарттар Сентай, Дошым, Мырзахмет, Қалдымұрат сияқты ағаларым: «Қомекендей адал, қайырымды адамдар аз ғой!» - деп еске алғанда, төбем көкке жеткендей болады.

1945 жылы елге оралысымен бейбіт еңбекке араласып, Шығанақ аулында еңселі еңбек етті. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 40, 50 жылдығы «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков» т.б. медальдармен марапатталды.

1998 жылы өмірден өтсе де, әкеміздің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі жарқырап тұра береді.

Саламат ҚОМЫТҰЛЫ, зейнеткер, Қаратал аулы.

БІЗ БАТЫРЛАРДЫҢ ҰРПАҒЫМЫЗ!

БИЫЛ 9 МАМЫРДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫНА 75 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. СҰРАПЫЛ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАУЫНГЕРЛЕРІНІҢ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ ҚАНШАМА КІТАПТАР, ЕСТЕЛІКТЕР ЖАЗЫЛЫП, КИНО ТҮСІРІЛДІ ДЕСЕҢІЗШІ! ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІГІН, ЖАНКЕШТІЛІГІН ӨЛІ ТАЛАЙ ҰРПАҚ ЖЫРЛАП, ӘНДЕРІНЕ ҚОСАРЫ СӨЗСІЗ. ОСЫ БІР ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ ҚАРСАҢЫНДА МЕН ДЕ ӘКЕМ МЕН АНАМ ТУРАЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАП ӨТҮДІ ЖӨН САНАДЫМ.

Әкем Ермағамбетов Жауынбай 1918 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған әкеміз қаршадай жасынан еңбекке араласыпты. Ел басына күн туған шақта 1941 жылы 27 маусымда ол Гурьев (қазіргі Атырау) қалалық әскери комиссариатының шақыруымен әскерге алынды. Сөйтіп 23 жасында Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап, соғыстың соңғы жылдарына дейін қатысқан. Оның ішінде Сталинград майданынан бастап, Жапон соғысына дейінгі жолдарды жүріп өткен. Соғыс аяқталған соң Дон, Донецк бағыттарындағы қираған темір жолдарды қалпына келтіру жұмыстарына қатысты, елге 1948 жылдың наурыз айында оралды.

Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «II дәрежелі Отан соғысы», «За оборону Сталинграда», «За победу над Германией», «За победу над Японией», «Медаль Маршала Советского Союза. Г.К.Жукова» секілді көптеген наградалармен және Алдғы хаттармен марапатталды.

Соғыстан оралған соң бейбіт еңбек майданына араласып, Ш.Берсиев атындағы совхозда еңбек еткен. Әкеміз он саусағынан өнер тамған ағаш ұстасы болған. Оған Құмжарған мекеніндегі көптеген замандас, ауылдастары куә. Еңбекте де адал

болып, әлденеше рет медальдармен марапатталған.

Анамыз Жаки де соғыс жылдарында жастайынан соғысқа кеткен әкеме, бауырларының орнына еңбекке араласқан Тыл ардагері. Ана, апаларымен бірге жауынгерлерге арнап жылы киімдер тігіп, егін егіп, мал бағып, майданға деп азық-түліктер дайындап жіберуге қолқабыс еткен. Әкеміз бен анамыз екеуі он бала тәрбиелеп өсірген. Анамыз 1973 жылы «Батыр Ана» атағына ие болды. 2006 жылы Қазақстан республикасы президентінің жарлығымен «Алтын Алқа» белгісімен марапатталған абзал ана. Қазіргі уақытта барлық балалары өз отбастарын құрып, өмірден өз орындарын тапты. Он баласынан 38 немере, 64 шөбере бар.

Әке-анамыздың бар өмірін халық шаруашылығына арнап, еліміздің болашағы үшін еңбек еткен, ұрпақтарына да адал еңбектенуге, жақсы өнеге көрсетіп, дұрыс тәрбие бергенін біз балалары, немерелері, шөберелері мақтан тұтамыз, арамыздан кетсе де есімізден шығармаймыз. Олардың берген өнегесі ұрпақтарымен жалғасын таба береді.

Бибігүл ЕРМАҒАМБЕТОВА, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия мұғалімі.

«ӘКЕҢ ӨЛСЕ ДЕ, ӘКЕҢДІ КӨРГЕН ӨЛМЕСІН!»

МЕНИҢ ӘКЕМ СӘТТІБАЕВ КАРИМОЛЛА 1923 ЖЫЛЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ КЕҢЕСІНДЕ ШАРУА СЕМЬЯСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. МЕКТЕПТІ БІТІРЕ САЛЫСЫМЕН 1941 ЖЫЛЫ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС БАСТАЛЫП, СОВЕТ АРМИЯСЫ ҚАТАРЫНА ШАҚЫРЫЛДЫ. АЗ ҒАНА ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚТАН КЕЙІН, УКРАИНА ШЫҒЫС ПРУССИЯ МАЙДАНЫНДА 13 ТАНК ПОЛКІНДЕ БОЛЫП, БІРНЕШЕ РЕТ ҰРЫС ҚИМЫЛДАРЫНА ҚАТЫСТЫ. «ЗА БОЕВІЕ ЗАСЛУГИ», «ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНОЙ 1941-1945» МЕДАЛЬДАРЫМЕН МАРАПАТТАЛҒАН.

Соғыс біткеннен кейін елге оралып, анамызбен бас қосып ұрпақ өсіріп, соңындағы үш інісін қамқорлап, үйлендіріп сауда саласында қызмет етті. 1955-1962 жылдар аралығында Саралжын, Қызыл-Қорған, Октябрь сельполарында басқарма төрағасы қызметтерін атқарды. 1963 жылы қызмет бабымен жоғарылап, Ойыл аудандық тұтынушылар одағына төраға орынбасары қызметіне тағайындалған. 1967 жылы ауыр науқасқа душар болып 44 жасында дүниеден озды. Анамыз Жансұлу Жаңбыршықызы 7 баламен жесір қалып, үлкен шаңырақты кергесін биік ұстап, әкеміздің аманаты ұл-қыздарын тәрбиелеп, оқытып білім алып беріп, ұядан ұшырды.

Қазірде анамыз қара шаңырақта ініміз Арманның қолында бақытты өмір сүруде. Биыл 90-ға толар еді...

Мен өке жолын жалғастыру мақсатында сауда саласында 1984-1996 жылдар аралығында, товаровед, сауда бөлімінің меңгерушісі, жұмысшылар кооперациясының төрағасы қызметтерін атқардым. Еңбек ете жүріп әкеммен бірге қызметтес болған Б.Наурыззов, Қ.Құрманғазин, Х.Жармұханов, Б.Бақтыгереев, Ж.Жақасова, Т.Шаханов сияқты жақсы ағалармен бірге қызмет жасап тәжірибе жинақтадым. Әкемнің жақсы азамат болғанын осы азаматтардың жақсы сөздерін естіп мақтан тұттым, әкем азғантай өмір сүрсе де, артына мағыналы із қалдырғанына марқайдым.



Өте зор беделге ие болғанын сезініп мақтан тұттым. «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» - деген сөздің мағынасын енді түсінгендеймін. Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай әкемді еске алуды жөн көрдім. Мен әкеммен мақтанамын!

Қонақбай КАРИМОЛЛАҰЛЫ, Ойыл селосы.

МЕНИҢ ӘКЕМ...

ӘКЕМ ЖОНЫС БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ 1925 ЖЫЛЫ 20 СӘУІРДЕ (БҰРЫНҒЫ ТЕМІР УЕЗІ ОЙЫЛ БОЛЫСЫНЫҢ) КЕЙІНГІ АТАУЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚЫЗЫЛҚОРҒАН АУЫЛЫНДА АУЫЛ АЙМАҒЫНА БЕЛГІЛІ БАҚТЫГЕРЕЙ МЕН ЖАҢЫЛСЫННЫҢ ОТБАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН.

Атамыз Бақтыгерей Қалиев Қызылқорғандағы алғашқы ауыл шаруашылығы ұжымдарын қалыптастырушылардың бірі, 1953 жылы қайтыс болғанға дейін Қызылқорған, Жаңаталап, Бабатай және басқа да ұжымшарларда төраға-колхоз председателі болып еңбек еткен. Жоныс Бақтыгерей мен Жаңылсынның жанұясында өсіп ержеткен 5 ұлдың үлкені. Әкеміздің

«Ауыл болған іргелі Қызылқорған Осы жерде сыңсыған қалың орман біледі оны, біледі балалығым Қырларында жүгіріп, ізім қалған», - деп кейін ақын інісі Орынғалиев Аманғос жырға қосқандай, балалық шағы Шәйкөздің сағасы, Қызылқорған даласында өтті, сондағы бастауыш мектептен, 1936-1941 жылдары Ақшатаудағы «Қызыл мектептен» білім алып, оқыды. Ол жаратылысынан елгезек, әр ісіне мұқият болып ержетіпті. Оның өз жұмысына беріліп, ойға алған шаруаны аяғына дейін бітіргенше тыным таппайтынын, өз дегенінен қайтпайтын қайсарлығын, бірбеткейлігін құрдастары бертінге дейін айтып жүретін.

Соғыс басталған уақытта жасы 16-тан жаңа асқанмен ауыл ағасы атанып, өмірдің сан-соқпағынан өткен атамыз Бақтыгерей қанды қырғынның ұзаққа созыларын білді ме, әлде үміт күткен үлкен ұлының артында із қалдыруды ойлады ма 18-ге жақындап қалған әкемізге көрші Жақсыкөл ауылындағы Ермұқаннның үлкен қызы – Қымбатты айттырып, 1942 жылдың аяғында екеуін үйлендіреді.

1943 жылдың қаңтарында, Ұлы Отан соғысының нақ ортасы, екі жақта жанталасқан шақта Кеңес Армиясы қатарына шақырылған әкем аз ғана 3 айлық әскери дайындықтан кейін майданға жіберіліп, Солтүстік Батыс майданда Керел мойнағы мен Балтық жағалауындағы ұрыстарға қатысады. Өзі де аса көп сөйлемейтін әкеміз Жоныс қанды қырғын соғыс туралы көп айтуды ұнатпайтын. Мүмкін 18 жастан отқа оранған жастығының өлім мен өмір арасындағы арпалыспен өткені жүректі сыздататын болар. Кейбір шақтарда ардагер деп ұлықтап, оқушылар ортаға алып, қолқалаған тұста, түрлі кездесу кездерінде ғана қарапайымдылықпен өткенді еске алушы еді.

Әкеміз әскер жасына соғыста жүріп толып, екі жыл бойы Балтық жағалауын жаудан тазартуға араласып, етігімен мұзды суы мен батпағын

кешіп, Жеңістен кейін міндетті әскери қызметін атқаруға қалдырылып, тек 1947 жылдың аяғында елге оралады. «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жауынгерлік еңбек сіңіргені үшін» т.б. медалдармен наградталып, «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, екі рет жараланса да, соғыстан аман оралған ол жастайынан еңбекпен өскенін көрсетіп, бірден елдегі шаруаға қызу араласып кетеді.

Соғыс зардабынан денсаулығы әлсіресе де (3-топтағы соғыс мүгедегі) тұралап қалған шаруашылықтардың сан алуан саласындағы еңбекке белсене қатысады. Қаракөл, Құбасай, Ленин (Қараой) шаруашылықтарындағы есепші счетовод, дүкенші, сельпоның тауаршысы, ферма басқарушысы т.б. сияқты қызметтерді өзінің еті тірілігімен үйіріп атқарып кетеді.

Ол кейінгі кеңшар кезінде де қажеттілікке қарай бірнеше қызметтерде жасап, өзінің іскерлігін, сауаттылығын көрсете білді. Әсіресе ол 1963 жылы құрылып, 1971 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған «Жетікөл» совхозына ерен еңбек сіңіргендер қатарында болды. Ұзақ жылдар бойы «бастауышпен высшийді алқымдаған» Отекеңмен бірге совхоздың бүкіл құрылысына атсалысып біліктілікпен және асқан жауапкершілікпен кинотеатрдан бастап самсаған тұрғын үйлер мен өлеуметтік нысандар, шаруашылық ғимараттарын тұрғызып, кәсіпқой прораб атанды.

Оның ұйымдастырушылық қабілеті, ел адамдарын былай қойғанда, жап-жас студенттер мен Қап тауынан қаптап келген шешендерді де табындырып, кей жағдайларда олар да осы кісінің ақыл-кеңесіне жүгінетін. Кейіннен шаруашылық директорының орынбасары, почта меңгерушісі, аудандық тұтынушылар одағының құрылыс шебері болған ол, Ойылда да жаңа балалар бақшасын (қазіргі Қазтелеком ғимараты) салдырып, зейнеткерлікке шықты. Үлкен құрметтерге, марапаттарға ие болды.

Әкеміз ең алдымен кейінгіге қамқор, отбасында қайырымды өке, ардақты ата атанған жан еді. Анамыз Қымбат ертеректе (1978 жылы) қайтыс болғаннан кейінде дүниеге келген 6 немересін кішкентайынан өзі өсіріп, бағып-қағып, білім алып беріп, үйлендіріп, тұрмысқа шығарды. Өзінің соңына ерген бүгінде бақилық болған інілері Ысқақ пен Бақытқа,



Білімге, арамыздағы Сырымға үлкен ағайды емес, әкесіндей, келіндерге көкесіндей болды десек артық айтқандық болмас.

Еңбекті еміп өскен әкеміз өмір бойы балалары мен немерелерін бос отырғызбай жұмысқа қатыстырып, зейнеткерлікке шыққаннан кейінде бірнеше үй салды немесе жаңалады, өмірінің соңғы күндеріне дейін бау бақша егіп, оны күтіп баптауға бала-немерелерін бағыттап өтті.

Балаларының жоғары білім алуына қамқорлық жасап, оларды адалдыққа, парасаттылыққа, кішіпейілділікпен өз ісіне деген жауапкершілікке тәрбиелеп, өмірден өз орындарын табуына мүмкіндік жасады. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей отбасынан өнген үшеуіміздің де өз ортамызда орынмыздың болып, еңбектеріміздің ел алдында еленуі бізге берілген тағылымды тәрбиесінің арқасы деп білеміз және сол үшін де әкемізге мәңгілік қарыздармыз.

Қазақта «Ғалымның артында хаты мен сөзі, жақсының артында ізі қалады» - деген қанатты сөз бар. Бұл фәниде 85 жыл өмір сүріп, өзінің туып-өскен Шәйкөзіндегі мәңгілік мекеніне аттанған ардақты әкеміздің артында атын ардақтайтын ағайыны, барын базарлайтын балалары мен немере, шөберелері, мың жылдыққа дейін мерейін маздататын қалың қауым - құда-жеңжаттары қалды.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл, өмірден өткеніне 10 жыл толған тұста бүгінгімізбен болашағымызды жарқын етуге жол көрсетіп, өнегелі өмірімен, өлшеусіз еңбегімен, ағайынға сыйластығымен өшпес үлгі қалдырған ардагер өкем - Жоныс Бақтыгерейұлының рухын жаңғырту арқылы, аяулы жанның бар болмысы, кемел келбеті оның ұрпағы мен туған-туыстары үшін мәңгілік ұстанар бағыт, бағдаршамға айналғанын айтқым келді.

...Менің өкем, менің өкем ең жақсы адам!

Болат ЖОНЫСҰЛЫ.

ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Өмір өткелдері» деген кітабында

«Не деген керім еді!
Не біледі осы жұрт, не біледі?
Бабалардың баласы қариялар,
Сиреп бара жатқандай көрінеді» - деген өлең жолдары бар.

Шынында, кешегі мен бүгінгінің арасын жібек арқаудай жалғап, ұрпақ сабақтастығының, елге адал қызмет етудің, құлқының құлы емес, жұртының ұлы болудың, ақылдың кенін, сөздің нәрің қадірлеудің өдемі үлгісін көрсетіп келе жатқан, түрлен тұртсе де түзу жолдан таймаған, әділеттен айнымаған қадірлі қарттардың қашанда жөні бөлек қой.

«Алдыңғы толқын ағалар» деп Абай айтпақшы, сол алдыңғы толқынның ішінде өзің іш тартып жүретін, халықтың қамы, елдің бірлігі дегенде қазыналы сөзін айтатын кісілер болады. Атам қазақ анау замандарда сондай адамдардың сөзіне тоқтап, батасына ұйғын. Алдынан сыйлап өтпей кішілік танытқан. Мен сыйлайтын сондай алдыңғы толқын аға-Ұлы Отан соғысының ардагері, Бернияз Амангосов. Ол Ойыл ауданы Теректі ауылында дүниеге келген. Балалық шағы соғысқа тап келіп, жетімдікпен жағаласып, жоқшылықпен күресіп, кетпен-күрептен тіресіп өскен ағамыз сол заманғы жадау-жүдеу тұрмыс-тіршілік, туралы шым-шымдап қана өңгіме айтар еді. Біз тыңдаған, тыңдап үлгермеген сол өңгімелерінің түіні: Біздер бала кездегі, Ауырталық өзге еді, Жұдырықтай жүрегім, Қалай соған төзгені?-деген сияқты көрінетін.

Иә, он сегіз жасқа жана толып еңбек жолын Бабатай орталау мектебінде қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметінде жүрген кезінде армияға шақырылып, соғысты Волхов майданы 53 атқыштар полкінде қатардағы атқыш жауынгерден бастап, өлім мен өмірдің арпалысын көріп, сол от жалынынан аман қалғанына шүкіршілік ететін. Қайсыбір уақытта Бекең талай боздақтардың отқа оранып оққа ұшқанын көзбен көруден қиын нәрсе жоқ екен деп өңгіме бастағанда, даусы дірілдеп, көңілі бұзыла бастағанын сезе қоятын біздер өңгімені басқа бағытқа бұра бастайтынбыз. Соғыстың аты соғыс, оны сонда болып көзімен көрген адам ғана түсінетін болар.

Соңғы бір деректерде Ойыл ауданы бойынша 2613 адам Отан қорғауға қатынасқан соның 978 ғана елге оралған екен. Ойылдық жауынгерлер Бекетаев Мұқай, Сатығалиев Хасен, Шамишев Сапар, Ленинград майданында соғысқа қатынасып Ленинград қаласының қоршаудан шығуына, жауынгер Мамедов Құлымжан Неустров батальоны құрамында Рейхстагты алуға қатынасқан. Офицерлер Галиақаров Тагир уш рет Қызыл жұлдыз, Базаров Сабыр екі рет Қызыл жұлдыз, Сүндетбаев Назарбай II-III дәрежелі Даңқ орденімен марапатталған. Ал соғысты жеңіспен аяқтап, елге оралған Құрманғазин Байсұлла, Ержанов Қуаныш ата қой шаруашылығын өркендетудегі ерен еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болса, Клипанов Отар аға Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл ту ордендерімен, аға малшы Сисенғалиев Орынбасар Ленин орденімен, жас ұрпақты тәрбиелеу, оқыту ісіндегі еңбегі үшін Қожақов Абдолла Ленин орденімен – Жүсібаев Жақия Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталған.

Қазақта «жақсының аты өшпейді» - деген сөзіне қарағанда қайсы бір ағаларымыздың жақсы ісі айтқан сөзі, тіпті өзі көз алдында тұрғандай болатында кезі болады. Бұл да бір қимастық пен силастықтың жалғасы шығар. Сондай ұлағатты жанның бірі Бернияз ағамен менің таныстығым 1970 жылы аудандық партия коми-

тетінде қызметтес болудан басталған екен. Сол мезгілде аудандық атқару комитетінде қызмет жасаған Үсенғали Абдуллин ағаның, Бернияз бен Айсә ағаны «райкомның екі шалы» деп айтқанын талай естіген біздер, шынында да бұл ағаларды үлкен жастағы кісілер деп ойлап қабылдайтынбыз. Ал шындығында сол мезгілде Бекен-47, ал Айсекең 46 жаста ғана екен. Бұлардың ерте қартаюына соғыстың зардабы тигенін біз білмейміз ғой.

Сол асыл ағаларымның ай мандайлы жайдары жүздері де, жаратылыс-бітімі де, киім киісі, жүріс-тұрысы да өзгеше еді, бәрі де көз алдымда. Жандары жайсаң, қызметке, Отанына адал, жұмысына шын берілген, бауырмал, кіршіксіз таза кісілер еді. Көкейлерінде ақша, дүние емес, елдің амандығы, ұрпақтың келешегі тұратын. Олар дүниеқоңыз болған жоқ, ішіп-жемнен артық байлық жиған жоқ. Қоңырқай күй кешті. Ол үйлердегі жеңгелеріміз де ағаларымызға сай еді. Балаларын өсіріп, қонақтарын атқарып, жарқылдап жүретін. Бөлінбедік, жіктелмедік. Біріміз ойдан, біріміз қырдан болсақ та, бір кісінің баласындай табысып жүрдік. Олардан көп кіші болсам да менімен қатарындай сыйласып, құрдасындай қалжыңдасып отыратын.

Меніңше, үлкен кісі деген ұғым белгілі бір адамның лауазымына яки жасына байланысты қолданылмайтын сияқты. Оның мәні бұдан да гөрі тереңірек деген ойдамын. Бекен адам баласының басына түскен арғы-бергі ауырталық-азаның, тосын нәубеттің бәрін жіктеп, жіліктеп, мақалдап, мәтелдеп көңіл айтқанда, қаралы жанның таудай қайғысы тарыдайға айналар еді. Құтты болсынның кезегі келгенде, тырнақтай қуанышы түідей болып көрінер еді. Ас қайыру, әр түрлі жағдайларға байланысты жайылған дастарханға сай бата берудегі ұлағатты сөздері кім-кімді де бейжәй қалдырмайтын. Сондай тереңнен шымырлатып толғайтын сұңғылалықтың өлденеше рет күесі болды. Бернияз ақсақал өзінің сөзінде осы ауданда бірінші басшы болған он адаммен қызметтес болған екенім деп айтып отыратын. Осы бір салада бір мекемеде табан аудармастан 38 жыл қызмет атқарған. Расында да еңбекке ерінбейтін адам еді. Басқа күнде болса да сонда ғой, ол аздай сенбі, жексенбі күндеріде аупарткомға бір соғып келмесе, ішкен асы бойына сінбейтіндей еді...

Шынында солай. Сөзіміз дәлелді болу үшін фактіге жүгінейік. 1980 жылдың мамыр айы болатын. Аудандық партия ұйымының жұмысымен таныспақ болып, біздің өңірге КОКП Орталық комитетінің инспекторы С.Денякин келді. Ол кісі келген бойда аудандық партия комитетінің жұмысын тексерсе бастады. Әсіресе, аудандық партия комитетінің партиялық есеп секторының жұмысына шүйліге кірісті. Сектор меңгерушісі Бекең барлық қойған сұрақтарға тиісті құжаттарын көрсете отырып жауап берді. Басқаларын қайдам өз басым осы тексеруден аман-есен шықса екен деп іштей қобалжыдым. Не керек, бір жарым сағатқа созылған осы тексеруден Бекең өте жақсы деген баға алды. Орталық комитеттің инспекторы риза болғаны соншалықты:

- Қазақстанның барлық 19 облысында болғанында партия есеп секторының қызметін осындай дәреже-

де жүргізіп отырған партия қызметкерін бірінші рет кездестіруім, деп рахметін айтып, Бекеңнің қолын қысты. Онысымен шектелмей Сәмен Кириллович:

- Бұл жұмысты озат тәжірибе ретінде облыстың партия ұйымдарына тарату керек. Ол осылай деп қорытынды жасады. Ертеңіне аппарат жиналысы болып, бірінші хатшы тексерудің қорытындысын жігіттерге таныстырып, келесі болатын бастауыш партия ұйымы секретарларының аудандық семинарында Бекең осы мәселе жөнінде баяндама жасауды тапсырғаны есімде.

Қазақта: «Жақсымен жолдас болсаң жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа» - деген аталы сөз бар. Менде Бекеңмен замандас, тағдырлас, екі рет өріптес, қызметтес болған, қолдауы мен қамқорлығын, жақсылығын көрген азаматтардың бірімін. Бекең бізге ескінің көзіндей көрінетін. Қайсыбір кезде қазақтың өмірден алынған өдет-ғұрыптарын еске алу қажеттігін айтып отыратын.

Бірде, Ақтөбе қаласына жиналысқа жүретін болдық, қыстың кезі ол кезде жолда қиын, қалаға кемінде төрт сағаттай жүресіз, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Мұхтар Садықов, есеп секторының меңгерушісі Бекең екеумізді ертеңгісін шақырып, қалаға ертерек бару қажет болып тұрғанын айтып сағат он бірде шығып кетуіміз керек деп түйіндеді. Автокөлік жүргізушісі Юрии Кротов та төртіпке бағынған, көп тәжірибе жинақтаған адам ғой, дәл уақытында келіп екеумізді Бекеңнің үйіне барсақ, үлкен кісі пештің түбінде отыр, тап жол жүретін кісіге ұқсамайды, қазір шығамын ғой деп қояды, далаға шығып автокөлікке келсем бастық ұрсып жатыр деп көлік жүргізуші ренжиді. Әйтеуір түгелденіп жолға шықтық. Біреуміз де үн жоқ, Мұханның ашуы да тез, қайтуы да тез екенін білеміз, күннің бораны мен желі бұрынғыдан күшейіп, жолдың көрінісі нашар, Бестамақ елді мекеніне жақындаған тұста, бізді Қобдаға дейін жол аршып алып баратын шынжыр табанды трактор бұзылып моторы істен шыққан, тракторист қатты тоңып қалған. Хобда аулынан шыққаннан кейін жол бұрынғыдан жаман қатты жел жабысқақ қар автокөліктің жарық көзіне жабысып, жолды бір көрсетсе бір көрсетпейді. Ақыры өрі қарай жол жүрудің мүмкіндігі болмай түнгі сағат екіде Хобдаға қайтып оралдық. Осы жерде Бекең үлкендігін танытып, Сіздердің қатарларың жас адамдар ғой, түннің бір уағында ешкімді мазаламай-ақ менің қатар адамым Ойылдық Бимырза деген азаматтың үйіне баралық демесі бар ма? Бардық, үй иесінің түннің ортасы болғанында шаруасы жоқ, шақырулы қонақтай қарсы алды. Тұла бойымыз жылынып, өткен кеткен өңгімелер айтылып, сөз бүгінгі жол қиындығына ауысқан кезде Бекең, шырақтарым дейді, осы бүгінгідей жол азабын көретіндей көрдік, әйтеуір түбі қайыр осыған мен өзімді кінәлімін-ау деп сезініп отырмын. Себебі мен, айдың аяғы жиырма тоғызы күнін тексеретінмін, бұл күні шамам келсе ұзақ жолға шықпауға ниет ететінмін, бүгін оның реті болмады. Мана Ойылдан шығарда да, күннің жарысы ауып ең болмаса сағат он екіден көтсін деген ниетте болып өзімше едәуір кідіріс жасағанмын, бірақ, оны Сіздерге айта

алмаған болатынмын деп қарап отыр.

Әр сөздің мағынасын тез түсініп, мәселені бірден шешетін мінезі бар Мұхан, Бекесі-ау соны сол жерде айтпайсызба, өкшеңізді қуып келе жатқан інілеріңіздің бірі емеспін бе деп кішілік танытып осы бағыттағы Әбекең құрдасының бар өңгімесін айтып өзін-қалжыңмен өңгімені өрі қарай өрбіткені бар.

Жалпы қиындықты басынан көп кешкен адамның өмірге деген құштарлығы, іңкәрлігі арта түсе ме деймін. Ондай адамдар өз ортасына, араласқан тұстарына дөйім кешірімшіл, мейірбан болып келсе керек. Ия ол кісі қуана да, қуаната да білуші еді.

Сәлемімізді қашанда күлімісрей қабылдап, атымызды бір түрлі бір жылы өуенмен, сол мезгілде аудандық партия комитетінде қызмет жасаған Елен-жан (Елтай Бермукашев, Бакенжан (Бақтығали Бектурганов) Ғұсан-жан (Ғұсман Жүмберганов) Серікқали Келинберлинді Серенжан деп атаушы еді.

Бір жерде кездесетін болсақ, сол жерге ертерек келіп, сен бұл кісі қашан келеді екен деп елегізіп тұрған да, арт жағынан жақындап қуанышты күйде дидарласушы еді.

Ұлы Абайдың айтатыны бар ғой: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» Бекең шамамен айтқанда, осындай сүйіспеншіліктің иесі еді. Сол сүйіспеншіліктің көмегі шығар, ұзақ бақытты, үбірлі-шүбірлі ғұмыр кешіп, тоқсан жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Бекең соңына, өмірден өткеннен соңғысын былай қойғанда, көзі тірісінде де сөз еріп көрмеген, ақ жүрек, адал, обал-сауапты ұмытпаған, шүкіршілігі мол дегдар адам еді. Одан өрі жалғасақ, Бекең кеше ғана көзіміз көре қалған үлкендердің айтыныша, ағаларын жағадан алмаған, інілерін өзекке теппеген өзгеше жаратылыс еді. Ағайынның арасы ашылмасын деп бауыр еті баласын беру, орны ортаймасын жалғасын тапсын, дәулеті артсын деп балдарын туған туыстың атына жаздыруда көрегендіктің көрінісі.

Тіршілік соқпақтарында ашшы мен тұшшының дөмін татқан. Жақсының шапағатын, жаманның кеспапатын көрген Бекең ақсақал қандай кездесуде болсын отырған ортада екінші кісіге ой тастар, тағылымы мол өңгімелерді айтқанды дұрыс көретін.

Осындай бір кездесуде мынадай бір өңгіме айтқаны бар. Біз «басына бақ қонсын» деп жатамыз. Бірақ бақ жоғарыдан келіп басқа қонбайды екен, бақ адамға төменнен келеді екен. Бақ әуелі адамның аяғына келеді. Аяққа келген кезде, адам бақты алып жүруге ауырсынып, аяғын біресе олай басып, біресе былай басып, алшаңдап кететін көрінеді. Екі аяқты қалай басарын білмей жүргенде, бір күні шалынысып, оңбай омақасады екен. Бұл бақтың аяқта қалғаны. Аллаһтың жолынан адаспай, түзу соқпақпен жүрсеңіз, тобықта тұрған бақ кеудеге көтеріледі екен. Кеудедегі бақ аяқтағыдан да ауыр болады. Кеудені ісіндіріп-қабындырып, нан пісіріп, буынан бас айналып, көзді шел басады екен. Кеуденің ісінетіні сонша, аяғының астындағыны да көрмейді, ақиып екі көзі аспанда жүретін көрінеді. Көп адамдар осы кеудедегі бақтан жарылып өледі екен. Егер кеудедегі бақ кернеп, бунап бара жатқанда, қалыпты қалпын сақтап,

психологиялық тепе-теңдігін дұрыс ұстап, Аллаһтың берген ризығына мың мәрте рахметін айтып жүрсе, бақ кеудеден басқа өтеді. Сонда ғана адам «басыма бақ қонды», «бақыттымын» деп айтуға толық хақысы бар екен. Алайда ақымақтау иесінің кесірінен бақтың басқа жетуі мүң болып, көбіне аяқ пен кеудеде қала беретін көрінеді. Ал басына бақты бір қондырған адам, ешқашан адаспайтын көрінеді деп сөзін аяқтаған еді.

Көргені мен ойға түйгені бар, Бекең, бір өңгімесінде көдіміз батыр Бауыржан бар ғой - дейді сонау 70-жылдары үйіне кісі шақыратын көрінеді. Келіні Зейнеп бар дәмді тағамын дайындап, бар ықыласымен күтеді. Қонақтар да риза болып, батасын беріп тарқасады. Зейнеп асханада ыдыс-аяқтарды жуып жатса, бір кезде атасы «турчанка» деп айқайлайды. «Не бүлдіріп қойдым» деп бүрісіп, алдына барыпты. «Сен бүгін төрт қате жібердің дейді -Баукең.

- Біріншісі-бас табақты үлкендердің алдына өйел апармайды. Екінші-мал мал тұмсығымен жүреді. Сен оны желкесімен өкелдің. Үшінші – басты қасқалау керек, ол «төрт құбыламыз тең болсын» - дегенді білдіреді. Төртінші – бастың тісін шаппапсың. Ежелде ренжісіп жүргендер қонағының алдына тісін шаппай қоятын болған, онысы «өлі де сенімен айтисуды доғармаймын» дегеннің белгісі екен. Міне осындай тұлғалардан өшпейтін сөз немесе із қалады, тыраштардан өспейтін сөз қалады деген осы. Анау батырлар жырының, билер сөзінің ауыздан-ауызға жетіп, бүгінгі ұлтқа қызмет етуі жақсы жалғастықтың нәтижесінен деп сөзін аяқтаған еді.

Ұлы Отан соғысының және бейбіт еңбектің ардагері Бекеннің еңбегі әр кезде бағаланып, өлденеше орден, медалдар мен наградталған. «Ердің қосы оңбай, ісі оңбайды» - деген сөз бар. Бұл жағынан Бекең бақытты жан еді. Салиха жеңеміз ақыл қосары, ашу басары болды. Ұзақ жылдар жанында жалау, отбасына құт-береке, бақ болды, бақыт болды. Бекеңді қадірлеп, пір тұтты, ұлықтады, ұлағаттады, өмірінің қайсы бір қызық, қиын-қыстау кездерінде тіреу, сүйеу болды, алақанына салып аялап, бауыр етінен жаралған үйдің үлкен баласындай баптады. Атаның үлкен ұлы Ахан, келіні Қымбат атаның сабырлы кейіпін, сырбаз мінезін, ерлі-зайыптылардың шынайы сыйласытына куә болғандарын айтады.

- Атамыз ағайынға сыйлы болды, - дейді келіні Қымбат. Ата отбасының ажары, өрі базары еді. Қас-қабағына қарап, шөйін мезгілімен беріп, атамды қуаттандырып отырғанымыз естен кетпейді. Ата сырқат жеңе бастаған сәтінде сабырды қару етіп, төзімділік танытты деп еске алады.

Иә, Амангосовтар әулеті өскен-өркен жайған отбасы. «Қызы бардың ізі бар, ұлы бардың өзі бар» - дегендей ұлдары ер жетті, қыздары бой жетті. Бір-бір үй болды. Немерелері жетілді, шөберелері көбейіп келеді. «Әке балаға сыншы» дегендей, Бекең көзі тірісінде өр баласының іс өрекетін бағамдап, бағалап, болашағына оң пікір айтқан екен. Сонда екінші ұлына тоқталып «Сөрсенбай менің өзім ғой» деген көрінеді. Сөрсенбай, өке сенімінен шығып, үмітін адал ақтап жүр. Ұяда көрген ата-ана тәрбиесінен нәр алып, мамандығы бойынша еңбек етіп, мекеме басқарып, көпшілік құрметіне бөленуде. Бүгінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы «Орнында бар оңалар» деген де осы шығар.

Бүкіл саналы ғұмырын еңбекке арнаған жүзі шуақты, жүрегі нұрлы Бекең ағаның жарқын бейнесі жадымызда жаңғырып, есімі есте қала беретіні даусыз.

Тыныштыбай ШАЛАБАЕВ, Еңбек ардагері.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1655 дана. Тапсырыс №539
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«ТАЗАЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ НЕГІЗІ»

Міне дәл осындай ұғымды ұстанған ауданымыздың 1993 жылы туылған азаматтары өткен сенбіде тазалық жұмыстарына атсалысты. Нақтырақ айтсақ, Ашықбай, Ақсай бағытындағы жазықтықта жайылған құстай жайрап жатқан тұрмыстық қалдықтарды тазалауға жұмыла кіріскен жастар туған жерге деген ыстық сезімін ерікті түрде жасаған тазалық жұмыстары арқылы көрсетті. Себебі жоғарыда аталған бағытта табиғат аясына шыға қалған жағдайда алдымен айналада ұшқан қағазбен пластик материалды тұрмыстық қалдықтарға тап боласыз. Тіпті құрылысқа қажетті құм алуға барғанның өзінде өр жусанның түбіне байланған полиэтилен пакеттер кім-кімді болса да табиғатты аялап, тазалық жасауға шақырып тұрғандай әсерде қалдырады. Сондықтан осындай жұмысқа білек сыбана кіріскен 1993 жылғы азаматтар бір күн бойы тазалық жұмыстарын жасады. Осындай игі іс кезінде қой бағып жүрген қойшылардың алғысын айтпай кетуге болмас. Өйткені күннің шуағына ұйықтап қалатын жас төлді шашылған қоқыстан ажырату мүмкін емес еді.

Р.С. Біз бірлігі мен ынтымағы жарасқан егеменді елдің жастары туған жерімізбен табиғат ананы таза ұстауға шақырамыз!
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

БРУЦЕЛЛЕЗ

Бруцеллез – жануар мен адамдар ауыратын жұқпалы ауру. Оның бруцелла деп аталатын біріккен микробтар тобынан пайда болады. Қоздырғыштың өртүріне төн ие организмдері бар. *Brucella melitensis* иесі - қой, ешкі. Бруцелланың бұл түрі ірі қара малды, түйені, итті зақымдауы мүмкін. *Brucella abortus* иесі - сиыр. *Brucella Suis* иелері – шошқа, қоян, бұғылар. Бұл қоздырғыш ірі және ұсақ қара малды зақымдауы мүмкін. *Brucella ovis* – қойдың инфекциялық эпидидимитінің қоздырғышы. Адам үшін патогенді өсері бар. *Brucella Canis* иесі – ит. Адам үшін патогенді өсері бар. *Brucella neotomae* иесі – далалық тышқандар, адам үшін патогенділігі зерттелмеген. Бруцеллезбен барлық ауыл шаруашылығы жануарлары ауырады. Бірақ та негізінен бруцеллез таралуында ұсақ және ірі қара мал ықпалы күшті. Аса қауіпті, аурудың ауыр түрлеріне өкелетін қой мен ешкі бруцелла қоздырғышы. Науқас қойлармен бірге ұсталған мүйізді ірі қара малы қой қоздырғышына шалдығады және адам үшін қауіпті.

Ауру мал өдетте қоздырушыны көп мөлшерде іш тастағанда шуымен, қағанақ суымен, сүтімен, аталықтың ұрығымен бөлініп, сыртқы ортаны мейлінше ластайды. Сау мал ауруға негізінен алиментарлық жолмен және ұрықтандыру кезінде шалдығады. Сонымен қатар, бруцеллалар ит, мысық, кеміргіштер арқылы да тарайды. Бір орыннан келесі орынға бруцеллез көпшілік жағдайда тексерілмей, ал кейіннен карантинде ұсталмаған ауру малмен барады.

Бруцеллезбен ауырған малдарды емдеу іс-шаралары жүргізілмейді, санитариялық союға жіберіледі. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығына сәйкес бруцеллезге оң нәтиже берген жануарлардың барлық түріне олардың асыл тұқымдық құндылығына, жасына, күйіне, буаздығына қарамастан оларды дереу оқшаулап 15 күн ішінде союға жібереді. Сойылған мүйізді ірі қара малының ұшасын тексергенде патологиялық өзгеріс болмаған жағдайда кедергісіз сату-

ға, тамақ өнімдері үшін пайдалануға жіберіледі. Ал егер өзгеріс болған жағдайда қайта өңдеуге тапсырылады. Ұсақ мал ұшасы мал сою пунктінде сойылғаннан кейін міндетті түрде қайта өңдеуге жіберіледі.

Бруцеллез ауруы анықталған мал иесі «Ауру жануарларды санитариялық тазалау, санитариялық сою туралы» нұсқама берілгеннен кейін малды уақытында дереу оқшаулауға тиіс. Берілген нұсқамада көрсетілген уақытта союға өкелінбеген немесе жою талаптарын бұзған жағдайда (сатып жіберу, ауласында сойып алу, т.б.) Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 406 бабының «ҚР ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу» бойынша жеке тұлғаға 20 АЕК (айлық есептік көрсеткіш), лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға 50 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 100 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 200 АЕК мөлшерінде айппұл салуға өкеліп соғады.

ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы



Қадірлі әкеміз

Анесов Базар Сәрсенғалиұлының 65 жасымен құттықтаймыз.

Келіп қапсыз 65-тің төріне Қыз – күйеулер, бала-келін бөрі де, Немере мен жиендердің тілегі Денсаулық пен ұзақ ғұмыр өмірде. Құрметтейсіз құда-жеңжат, туысты Сол қасиет болсын бізге жұғысты. Анамызды мінгізіп ап көлікке Көп көрмеген аралайсыз бауырды. Көп көрмеген аралайсыз талаптарын Жастарға да орын берген төрінен. Төр ұсынған үлкен-кіші демей-ақ Сыйластықты келген адам сезінген. Өлшеп-пішіп, өр қадамды аттайсыз Мақсат болса,

орындамай қайтпайсыз. Көңіліңіз қалған болса өзгеден, Сол адамға қайта

шаруа айтпайсыз. Жақсы көрген бір туғанға бергенді, Ұмытпайсыз балалықта көргенді. Қиындықты күй болған айтасыз Жөн көресіз кейінгі ұрпақ білгенді. Қайын жұртқа жолы үлкен күйеусіз Балдыздарға арқа сүйер тіреусіз. Бақ-береке, ырыс, дәулет

мол болсын Шаңыраққа тек қуаныш тілейміз. Бес қыз бенен ұлыңыздан тараған Ұрпағыңыз сізді «АТА»

деп сыйлаған.

АНАмызбен бізге

сыйлы жандарсыз Шаңыраққа жұрт қызыға қараған. Бала үшін қиналған да шығарсыз Әкесіз ғой бөріне де шығарсыз. Анамызбен аман болып ортада Алла жазса 100 жасқа да шығарсыз.

Ізгі тілекпен балалары, немере – жиендері.

МЕРЕКЕЛІК ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨЛЕМІ ӘЛДЕҚАЙДА АРТТЫ

Ұлы Жеңістің 75 - жылдығына орай «Ойыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №277 «Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Аталған шешімге сәйкес Ұлы Жеңістің 75 - жылдығына орай табыстарын есепке алмай бір жолғы әлеуметтік көмек «Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға (Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтықтарда басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар) бұрын 50 мың теңге болса, биыл 100 мың теңгеден берілді. «Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына:

1) Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің әйелдеріне» бұрын 30 мың теңгесен, биыл 50 мың теңге;

2) «Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары» 30 мың теңгесен, биыл 50 мың теңге;

3) «Мемлекеттік арнайы жәрдем-ақы алатын 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде 6 ай әскери қызмет өткерген және тылда жұмыс жасаған азаматтарға, яғни тыл ардагерлері» 15 мың теңге төленсе, биыл 30 мың теңге;

4) «Мүгедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушылардың әйелдеріне» 25 мың теңгесен, биыл 50000 мың теңгеден аудан бойынша 110 адамға жергілікті бюджеттен 4560,0 мың теңге көлемінде әлеуметтік көмек мерекеге орай төленді.

Г.ЕРМАҒАМБЕТОВА,
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

А Қ П А Р А Т Т Ы Қ Х А Б А Р Л А М А

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурса ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері, жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі, жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайылымдық	Шабындық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Ойыл а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1700,0	-	1672.4	-	27.6	11	қамтылмаған
2	Лот 2, учаске №1, Ойыл а/о а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	176.24	-	174.28	-	1.96	11	қамтылған
3	Лот 3, учаске №1, Сарбие а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1100.0	-	1098.6	-	1.4	11	қамтылмаған
4	Лот 4, учаске №1, Қайыңды а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1200.0	-	1190.46	-	9.54	11	қамтылмаған

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурса қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурса қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртапартаңдары бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері немірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сыямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Конкурса қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурса шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды зем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				Средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Уилский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1700.0	-	1672.4	-	27.6	11	не оснащен
2	Лот 2, участок №1, Уилский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	176.24	-	174.28	-	1.96	11	оснащен
3	Лот 3, учаске №1, Сарбинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1100.00	-	1098.6	-	1.4	11	не оснащен
4	Лот 4, учаске №1, Каиндинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1200.0	-	1190.46	-	9.54	11	не оснащен

ПРИМЧАНИЕ!!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе;

2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;

3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованы, прошиты или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. Схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80